

«БЖЗҚ» АҚ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ БАСҚАРУ БОЙЫНША АҚПАРАТ

2017 жылғы 1 тамыздағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің басқаруындағы (бұдан әрі – ҚРҰБ) БЖЗҚ зейнетақы активтері (бұдан әрі – ЗА) 7 276,63 млрд. теңгені құрады¹.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен құрылған қаржы құралдарының инвестициялық портфелінің құрылымы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Қаржы құралдарының бөлігінде ҚРҰБ басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы

Атауы	<i>млрд. теңге</i>				
	01.01.2017 жылға ағымдағы құны	01.01.2017 жылға үлесі	01.08.2017 жылға ағымдағы құны	01.08.2017 жылға үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі %
ҚР МБҚ	2 910,82	43,57%	3 112,85	42,78%	6,94%
Шетелдік мемлекеттердің МБҚ	365,01	5,46%	747,57	10,27%	104,81%
ХҚҰ	86,63	1,30%	80,94	1,11%	-6,57%
ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары	84,03	1,26%	61,57	0,85%	-26,73%
ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары	900,17	13,48%	815,75	11,21%	-9,38%
ҚР ЕДБ облигациялары	1 450,20	21,71%	1 358,57	18,67%	-6,32%
Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары	137,92	2,07%	131,50	1,81%	-4,65%
PPN (құрылымдық ноталар)	31,64	0,47%	30,19	0,41%	-4,57%
ҚР эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары	127,46	1,91%	158,66	2,18%	24,49%
Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары	18,33	0,27%	19,40	0,27%	5,86%
Депозиттер	399,91	5,99%	336,52	4,62%	-15,85%
Шетелдік банктердегі депозиттер	-	-	394,49	5,42%	-
РЕПО	-	-	5,00	0,07%	-
Инвестициялық шоттардағы ақшалай қаражаттар	151,84	2,27%	10,03	0,14%	-93,39%
Басқа активтер (дебиторлық берешек ² , мерзімі өткен берешек, провизиялар)	16,18	0,24%	13,56	0,19%	-16,18%
ҚРҰБ басқаруындағы ЗА жиынтығы	6 680,14	100,00%	7 276,63	100,00%	8,93%
Зейнетақы жарналары және төлемдері шоттарындағы ақшалар	9,52		1,48		
Зейнетақы активтерінің жиыны	6 689,66		7 278,11		8,80%

БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфеліндегі борыштық қаржы құралдарын өтеуге орташа алынған кірістілік (ҮТМ) 01.08.2017 жылғы жағдай бойынша жылдық 7,5% құрады.

Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары

БЖЗҚ ЗА портфелінде негізгі үлесті ҚР МБҚ құрайды, олардың есепті айдағы ағымдағы құны 84,11 млрд. теңгеге көбейді және 3 112,85 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 42,78% құрады.

Есепті кезеңде орташа алынған кірістілігі жылына 9,8% құрайтын номиналды құны бойынша 1 819,22 млрд. теңге көлемінде ҚРҰБ қысқа мерзімді дисконтты ноттары, сондай-

¹ Зейнетақы жарналары мен төлемдері шоттарындағы ақшалар есебінсіз.

² Дебиторлық берешекке қаржы құралдары шығарылымы проспектісінің талаптарына сәйкес Эмитент тарапынан берешекті өтеу күні келіп жеткен сыйақы және/немесе негізгі борыш бойынша алынатын сома енеді.

ақ орташа алынған кірістілігі жылына 9,1% құрайтын 9,00 млрд. теңге көлемінде ҚР Қаржы министрлігінің облигациялары сатып алынды.

Есепті күнге 1 737,63 млрд.теңге сомасына ҚРҰБ дисконтты ноттары өтелді.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 7,6 % құрады.

Шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздары

Есепті айға шетелдік мемлекеттердің мемлекеттік бағалы қағаздарының ағымдағы құны 321,43 млрд. теңгеге ұлғайды және 747,57 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 10,27% құрады.

Есепті кезеңде орташа алынған кірістілік жылдық 1,0% құрайтын номиналды құны 314,02 млрд.теңге көлемінде АҚШ Қазынашылығының қысқа мерзімді облигациялары сатып алынды.

Есепті кезеңде шетелдік мемлекеттердің МБҚ сатылмады және өтелмеді.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфеліндегі шетелдік мемлекеттердің МБҚ өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 1,9% құрады.

Халықаралық қаржы ұйымдарының облигациялары

Есепті айда Халықаралық қаржы ұйымдары облигацияларының ағымдағы құны 0,55 млрд. теңгеге ұлғайды және 80,94 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,11% құрады.

Есепті кезеңде Халықаралық қаржы ұйымдарының бағалы қағаздары сатып алынбады, сатылмады және өтелмеді.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде Халықаралық қаржы ұйымдарының облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 7,2% құрады.

Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктеріндегі депозиттер

Есепті айда ҚР ЕДБ салымдардың ағымдағы құны 2,25 млрд. теңгеге ұлғайды және 336,52 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 4,62% құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ЕДБ салымдары орналастырылмады және өтелмеді.

Есепті кезеңде ҚР ЕДБ салымдарын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 10,7% құрады.

Шетелдік банктердегі депозиттер

Ағымдағы айда шетелдік банктердегі салымдардың ағымдағы құны 119,93 млрд. теңгеге ұлғайды және 394,49 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 5,42% құрады.

Есепті кезеңде шетелдік банктердегі салымдарды өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 1,3% құрады.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің корпоративтік облигациялары

Есепті айда ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 11,76 млрд. теңгеге кеміді және 61,57 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,85% құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары 6,5 млрд. теңге сомасына номиналдық құны бойынша өтелді.

БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигациялары сатып алынбады және сатылмады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР эмитенттерінің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 14,5% құрады.

Қазақстан Республикасы квазимемлекеттік ұйымдардың облигациялары

Есепті айда ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларының ағымдағы құны 7,62 млрд. теңгеге ұлғайды және 815,75 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 11,21% құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары сатылмады, сатып алынбады және өтелмеді.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР квазимемлекеттік ұйымдардың облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 9,5 % құрады.

Қазақстан Республикасы екінші деңгейдегі банктерінің облигациялары

Есепті айда ҚР ЕДБ облигацияларының ағымдағы құны 7,27 млрд.теңгеге кеміді және 1 358,57 млрд.теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 18,67% құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде 1,25 млрд. теңге көлемінде теңгеге номиналданған ҚР ЕДБ облигацияларының негізгі борышы өтелді.

Есепті күнге орташа алынған кірістілік жылдық 6,00% құрайтын номиналды құны бойынша 10,03 млрд.теңге көлемінде ҚР ЕДБ облигациялары сатылды. ҚР ЕДБ облигациялары сатып алынбады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР ЕДБ облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 9,8% құрады.

Шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигациялары

Есепті айда шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларының ағымдағы құны 3,16 млрд. теңгеге ұлғайды және 131,50 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 1,81% құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік эмитенттердің облигациялары сатып алынбады, сатылмады және өтелмеді.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік эмитенттердің корпоративтік облигацияларын өтеуге орташа алынған кірістілік жылдық 9,1 % құрады.

Шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар)

Есепті айда шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) ағымдағы құны 0,09 млрд. теңгеге кеміді және 30,19 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,41% құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде шетелдік эмитенттердің PPN (құрылымдық ноттар) сатып алынбады, сатылмады және өтелмеді.

Қазақстан Республикасы эмитенттерінің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есепті айда ҚР эмитенттері акцияларының және депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 13,84 млрд. теңгеге көбейді және 158,66 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 2,18% құрады.

Есепті кезеңде БЖЗҚ ЗА портфелінде ҚР эмитенттерінің акциялары мен депозитарлық қолхаттары сатып алынбады, сатылмады.

Шетелдік эмитенттердің акциялары және депозитарлық қолхаттары

Есепті айда шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттарының ағымдағы құны 2,42 млрд. теңгеге ұлғайды және 19,40 млрд. теңгені құрады. Олардың портфельдегі үлесі 0,27% құрады.

Есепті кезеңде шетелдік эмитенттердің акциялары мен депозитарлық қолхаттары сатып алынбады және сатылмады.

БЖЗҚ зейнетақы активтерінің есебінен сатып алынған қаржы құралдары номиналданған валюталар бөлігінде қаржы құралдарының инвестициялық портфелі 2-кестеде келтірілген.

2-кесте. Валюталар бөлігінде ҚРҰБ басқаруындағы БЖЗҚ ЗА инвестициялық портфелінің құрылымы
млрд. теңге

Валюта	01.01.2017 жылға ағымдағы құны	01.01.2017 жылға үлесі	01.08.2017 жылға ағымдағы құны	01.08.2017 жылға үлесі	Жыл басынан өсуі/төмендеуі, %
Ұлттық валюта	5 142,38	76,98%	5 197,25	71,42%	1,07%
АҚШ доллары	1 492,44	22,34%	2 033,05	27,94%	36,22%
Ресей рублі	35,12	0,53%	34,32	0,47%	-2,26%
Басқа валюталар	10,20	0,15%	12,01	0,17%	17,76%
Жиыны:	6 680,14	100,00%	7 276,63	100,00%	8,93%

Инвестициялық қызметтің нәтижелері

Инвестициялық қызметтің нәтижесінде, сондай-ақ шетелдік валюталар бағамының құбылмалығы салдарынан, сонымен қатар қаржы құралдарының нарықтық құнының өзгеруі нәтижесінде 2017 жылғы 7 айда есептелген инвестициялық табыс көлемі 316,3 млрд. теңгені құрады. Осылайша, салымшылардың (алушылардың) шоттарына бөлінген БЖЗҚ зейнетақы активтерінің табыстылығы 2017 жылғы 1 қаңтардан 31 шілдеге дейінгі кезең үшін 4,33% құрады.

Көрсетілген кезеңге есептелген инвестициялық табыс құрылымы 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте. ҚРҰБ басқаруындағы БЖЗҚ ЗА бойынша алынған инвестициялық табыс құрылымы
млрд. теңге

Атауы	2017 жылдың басынан инвестициялық табыс
Бағалы қағаздар, орналастырылған салымдар және «кері РЕПО» операциялары бойынша сыйақы түріндегі табыстар	300,05
Бағалы қағаздарды нарықтық қайта бағалаудан табыстар (шығындар)	16,84
Шетелдік валютаны қайта бағалаудан табыстар (шығындар)	-2,36
Басқа табыстар (шығындар)	1,77
Жиыны:	316,3

Инвестициялық декларация параметрлерін сақтау туралы ақпарат

Сенімгерлік басқарудағы БЖЗҚ ЗА құрылымдық үйлестіруі БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарына сәйкес келеді³. Валюталық позициялар үлесі рұқсат етілген деңгей шегінде қалады және БЖЗҚ Инвестициялық декларациясының талаптарын бұзбайды, 01.08.2017 жылғы жағдай бойынша деректер 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте. БЖЗҚ ЗА инвестициялау лимиттері

№ р/р	Қаржы құралдарының түрі	Нақты мәні (зейнетақы активтерінен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Шетелдік эмитенттер:	18,34%	иә
1.1	мемлекеттік, агенттік және халықаралық қаржы ұйымдарының (ХҚҰ) бағалы қағаздары:	11,39%	иә
1)	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар;	9,22%	иә
2)	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-дан «BB-» дейін рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтинг бағасы бар;	2,16%	иә
1.2	Корпоративтік борыштық бағалы қағаздар:	0,85%	иә

³ БЖЗҚ Инвестициялық декларациясы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің 2016 жылғы 17 наурыздағы №86 қаулысымен бекітілген

1)	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар	0,09%	иә
2)	Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-дан «BB-» дейін бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар;	0,76%	иә
1.3	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар жылжымайтын мүлік (MBS) пен активтерге (ABS) салынған бағалы қағаздар	0,00%	иә
1.4	Акциялар, акцияларға депозитарлық қолхаттар	0,27%	иә
1.5	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «A-» төмен емес рейтингтік бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар шетелдік банктердегі депозиттер (салымдар)	5,42%	иә
1.6	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар ұйымдар шығарған құрылымдық өнімдер	0,41%	иә
1.7	Ислам қаржыландыру құралдары:	0,00%	иә
1)	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BBB-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар;	0,00%	иә
2)	Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «BB+»-дан «BB-» дейін бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтинг бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар;	0,00%	иә
2	Қазақстандық эмитенттер:	79,50%	иә
2.1	Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздары	42,78%	иә
2.2	Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бағалы қағаздары	12,17%	иә
2.3	Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің қаржы құралдары	24,26%	иә
2.4	«Standard&Poor's» агенттігінің халықаралық шәкілі бойынша «B-» төмен емес бағалы қағаздар және/немесе эмитент рейтингі бағасы бар немесе басқа рейтинг агенттіктерінің бірінің осыған ұқсас деңгейінің рейтингтік бағасы бар Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің борыштық бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес борыштық бағалы қағаздары	0,08%	иә
2.5	Қазақстан қор биржасының ресми тізімінің бірінші санатына кіретін Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік секторы мен екінші деңгейдегі банктері субъектілерінің үлесті бағалы қағаздарын қоспағанда мемлекеттік емес үлесті бағалы қағаздары	0,20%	иә
2.6	Қазақстан қор биржасының ресми тізіміне енгізілген ислам қаржыландыру құралдары	0,06%	иә

5-кесте. Қаржы құралдарының жекелеген түрлеріне БЖЗҚ зейнетақы активтерін инвестициялау лимиттері

№ р/р	Қаржы құралдарының түрі	Нақты мәні (зейнетақы активтерінен пайызбен)	Орындалуы (иә/жоқ)
1	Стандартты туынды қаржы құралдары	0,00%	иә
1)	егер туынды қаржы құралдары инвестициялық тәуекелді хеджирлеуге пайдаланылған жағдайда	0,00%	иә
2	Құймадағы және металл шоттардағы алтын	0,00%	иә

БЖЗК ЗА инвестициялық портфеліндегі қаржы құралдарды сатып алу, сату және өтеу бойынша ақпарат

6-кесте. Есепті айда сатып алынған қаржы құралдары жөніндегі мәліметтер

Мәміле жасалған күн	Өтеу күні	Құрал түрі	Бағалы қағаз эмитенті	ҮСН (ISIN)	Валюта	Теңгемен номиналды құны	Валютадағы номиналды құны
01.07.2017	10.07.2017	НОТТАР	ҚРҰБ	KZW1KD099771	KZT	97 500 000 000	
03.07.2017	10.07.2017	НОТТАР	ҚРҰБ	KZW1KD079781	KZT	46 189 526 700	
05.07.2017	12.07.2017	НОТТАР	ҚРҰБ	KZW1KD079807	KZT	66 324 407 700	
10.07.2017	17.07.2017	НОТТАР	ҚРҰБ	KZW1KD079823	KZT	286 120 113 800	
10.07.2017	14.12.2017	ГЦБ (ИН.ГОС) ДИСКОНТ	АҚШ Үкіметі	US912796MG10	USD	65 288 000 000	200 000 000
11.07.2017	18.07.2017	НОТТАР	ҚРҰБ	KZW1KD079835	KZT	96 148 289 300	
12.07.2017	19.07.2017	НОТТАР	ҚРҰБ	KZW1KD079856	KZT	65 025 669 900	
14.07.2017	04.01.2018	МБК (ШЕТ.МЕМ) ДИСКОНТ	АҚШ Үкіметі	US912796LC15	USD	71 878 400 000	220 000 000
14.07.2017	11.01.2018	ГЦБ (ИН.ГОС) ДИСКОНТ	АҚШ Үкіметі	US912796ML05	USD	73 185 280 000	224 000 000
17.07.2017	24.07.2017	НОТТАР	ҚРҰБ	KZW1KD079880	KZT	275 755 142 900	
17.07.2017	03.04.2021	МЕОКАМ 48	Минн Фин РК	KZK2KY040501	KZT	9 000 000 000	
18.07.2017	25.07.2017	НОТТАР	ҚРҰБ	KZW1KD079898	KZT	117 600 000 000	
19.07.2017	26.07.2017	НОТТАР	ҚРҰБ	KZW1KD079906	KZT	65 793 915 100	
24.07.2017	31.07.2017	НОТТАР	ҚРҰБ	KZW1KD079963	KZT	279 936 994 700	
25.07.2017	01.08.2017	НОТТАР	ҚРҰБ	KZW1KD079971	KZT	142 284 118 900	
26.07.2017	02.08.2017	НОТТАР	ҚРҰБ	KZW1KD079989	KZT	80 542 888 700	
31.07.2017	07.08.2017	НОТТАР	ҚРҰБ	KZW1KD070038	KZT	199 994 375 200	
31.07.2017	16.11.2017	МБК (ШЕТ.МЕМ) ДИСКОНТ	АҚШ Үкіметі	US912796MC06	USD	51 835 060 000	158 000 000
31.07.2017	09.11.2017	МБК (ШЕТ.МЕМ) ДИСКОНТ	АҚШ Үкіметі	US912796KX60	USD	51 835 060 000	158 000 000
Жиыны						2 142 237 242 900	960 000 000

7-кесте. Есепті айға қаржы құралдарын сату бойынша мәліметтер

Мәміле жасалған күн	Өтеу күні	Құрал түрі	Бағалы қағаз эмитенті	ҮСН (ISIN)	Номинал валютасы	Теңгемен номинал құны	Шетелдік валютада номинал құны
19.07.2017	06.11.2017	Еурооблигация	"Еуразиялық Банк" АҚ	XS1129581937	USD	3 319 465 795	10 181 786
20.07.2017	06.11.2017	Еурооблигация	"Еуразиялық Банк" АҚ	XS1129581937	USD	2 848 234 126	8 748 723
25.07.2017	06.11.2017	Еурооблигация	"Еуразиялық Банк" АҚ	XS1129581937	USD	3 741 217 647	11 442 082
26.07.2017	06.11.2017	Еурооблигация	"Еуразиялық Банк" АҚ	XS1129581937	USD	12 974 828	39 720
28.07.2017	06.11.2017	Еурооблигация	"Еуразиялық Банк" АҚ	XS1129581937	USD	38 903 496	119 066
31.07.2017	06.11.2017	Еурооблигация	"Еуразиялық Банк" АҚ	XS1129581937	USD	66 133 388	201 583
Жиыны						10 026 929 280	30 732 959

8-кесте. Есепті айдағы банк салымдарына орналастыру жөніндегі мәліметтер

Мәміле жасалған күн	Өтеу күні	Бағалы қағаз эмитенті	Номинал валютасы	Мәміле сомасы теңгемен	Мәміле сомасы шетел валютасында
03.07.2017	11.09.2017	CREDIT AGRICOLE CIB HONGKONG BRANCH	USD	38 452 800 000	120 000 000
10.07.2017	05.09.2017	MIZUHO CORPORATE BANK, LTD. LONDON BRANCH	USD	52 230 400 000	160 000 000
10.07.2017	10.10.2017	BANK OF TOKYO-MITSUBISHI, LTD., THE(LONDON BRANCH)	USD	52 230 400 000	160 000 000
31.07.2017	29.10.2017	MIZUHO CORPORATE BANK, LTD. LONDON BRANCH	USD	52 491 200 000	160 000 000
31.07.2017	31.10.2017	ING BANK N.V.	USD	78 736 800 000	240 000 000
				274 141 600 000	840 000 000

9-кесте. Есепті айдағы бағалы қағаздардың негізгі борышын өтеу жөніндегі мәліметтер

ҮСН (ISIN)	Құрал түрі	Бағалы қағаз эмитенті	Нақты өтелген күн	Теңгемен өтелетін сома	Номинал валютада өтелетін сома	Валюта номинала
KZW1KD079963	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	31.07.2017	279 936 994 700		KZT
KZW1KD079906	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	26.07.2017	65 793 915 100		KZT
KZW1KD079898	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	25.07.2017	117 600 000 000		KZT
KZ2C0Y10C606	Облигация	«ПАВЛОДАРЭНЕРҒО» АҚ	24.07.2017	6 470 120 000		KZT
KZW1KD079880	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	24.07.2017	275 755 142 900		KZT
KZW1KD079856	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	19.07.2017	65 025 669 900		KZT
KZW1KD079835	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	18.07.2017	96 148 289 300		KZT
KZW1KD079823	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	17.07.2017	286 120 113 800		KZT
KZW1KD079807	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	12.07.2017	66 324 407 700		KZT
KZW1KD119744	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	10.07.2017	89 400 000 000		KZT
KZW1KD099771	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	10.07.2017	97 500 000 000		KZT
KZW1KD109752	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	10.07.2017	143 900 000 000		KZT
KZW1KD079781	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	10.07.2017	46 189 526 700		KZT
KZ2C0Y05E271	Облигациялар	«АТФБанк» АҚ	10.07.2017	1 250 000 000		KZT
KZW1KD079724	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	05.07.2017	63 437 687 300		KZT
KZW1KD079708	ҚРҰБ НОТТАРЫ	ҚР Ұлттық Банкі	03.07.2017	44 500 000 000		KZT
Жиыны				1 745 351 867 400		

10-кесте. Есепті айдағы негізгі депозит борышын өтеу жөніндегі мәліметтер

Төлеу күні	Жабу күні	Бағалы қағаз эмитенті	Теңгемен өтелетін сома	Шетелдік валютада өтеуге сома	Номинал валютасы
03.07.2017	03.07.2017	CREDIT AGRICOLE CIB HONGKONG BRANCH	33 325 760 000	104 000 000	USD
26.07.2017	26.07.2017	MIZUHO CORPORATE BANK, LTD. LONDON BRANCH	53 898 900 000	165 000 000	USD
28.07.2017	28.07.2017	ING BANK N.V.	71 882 800 000	220 000 000	USD
			159 107 460 000	489 000 000	